

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 515 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 116 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 538-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбында "тәртібі туралы нұсқаулықты" деген сөздер "ережесін" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақта "тәртібі туралы нұсқаулық" деген сөздер "ереже" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықта:

тақырыбында "тәртібі туралы нұсқаулық" деген сөздер "ережесі" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақта "тәртібі туралы нұсқаулық", "Нұсқаулық" деген сөздер "ереже" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта "Нұсқаулық" деген сөз "Ереже" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақта "тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің 3 есе мөлшерінде, интерндерге айлық есептік көрсеткіштің 5,5 есе мөлшерінде" деген сөздер "6434 теңге мөлшерінде, интерндерге 11652 теңге мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақта "Клиникалық ординаторларға" деген сөзден кейін "және денсаулық сақтау магистранттарына" деген сөздермен толықтырылсын;

15-тармақта "осы нұсқаулыққа" деген сөздер "осы Ережеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

25-тармақта "осы Нұсқаулықтың" деген сөздер "осы Ереженің" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулыққа қосымшада "нұсқаулыққа" деген сөз "ережеге" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК